



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

- **6B01602 - Тарих – дінтану**

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАҚСАТЫ

Тарих саласындағы педагогикалық, ғылыми қызметті жүзеге асыру үшін фундаменталды білімі бар, гуманитарлық білім беру жүйесінде табысты жұмыс істеуге мүмкіндік беретін, қазіргі заманғы пәндік, коммуникативті, цифрлық құзыреттіліктері мен заманауи құралдарды қолдана отырып діни зерттеулер жүргізе алатын дағдылары бар, нарықтық сұраныстар мен жұмыс берушілердің талаптарын ескере отырып кадрларды даярлау.

КӘСІБИ ҚЫЗМЕТ АЙМАҒЫ

Білім берудегі мемлекеттік реттеу, оқыту және тәрбиелеу мен ғылыми қызмет

ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ (ОН)

ОН1 – өзінің интеллектуалды және жалпы мәдени деңгейін көрсетеді, жеке тұлғаның рухани, физикалық жетілуіне және салауатты өмір салтының нормаларына сәйкестігіне қол жеткізе біледі.

ОН2 - мемлекеттік және орыс тілдерінде еркін сөйлейді, іскерлік қарым-қатынас құралы ретінде тілдік дағдыларды қолданады, оқуын жалғастырады және шет тілдік ортада кәсіби қызметті жүзеге асыра алады.

ОН3– тарихи және діни пәндер бойынша білімдерін саралайды, қашықтықтан оқытуға арналған сандық білім беру мазмұнын дамыту дағдыларын меңгерген

ОН4 – Шығыс және Батыс елдерінің тарихын, оқиғаларды, дінтанудағы фактілер, теориялар мен зерттеудің өзекті мәселелерін жіктейді, қазіргі әлемдегі діни мәдениет мәселелерін сыни тұрғыдан бағалайды

ОН5 - Қазақстан мен Орталық Азия елдерінің тарихының ерекшеліктерін қисынды түрде дұрыс және дәлелді бағалауды көрсетеді, әлемдік және ұлттық тарихтың дамуының негізгі кезеңдері туралы білімді синтездейді

ОН6 – тарих пен дінтануды оқытудағы педагогика мен әдістеме саласындағы кәсіби білімдерін көрсетеді, ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруда және жоспарлауда шығармашылық тәсілді қолданады, өзінің кәсіби шеберлігін, интеллектуалды деңгейін, шығармашылық және жалпы ғылыми шеберліктерін үнемі жетілдіреді. (Мұғалім мәртебесі туралы 13.11.15 г. № 398-V ҚР Заңы 51 бап)

ОН7 - қазіргі діни процестер туралы қоғамдық-саяси, ғылыми, тарихи әдебиеттерді талдайды, материалдарды өз бетінше зерттейді.

ОН8 –кәсіби білімін және ғылымдағы ақпараттық технологияларды, заманауи цифрлық құралдарды педагогикалық және әдістемелік жұмыста сенімді қолдана алатындығын көрсетеді.

ОН9 - Ойлау мәдениеті, көпшілік алдында сөйлеу және аудиториямен өзара байланыс дағдыларын көрсетеді, оларды тұлға аралық қарым-қатынас, ұжымдағы педагогикалық және әдістемелік жұмыс процесіне енгізе біледі. (Мұғалім лауазымына типтік біліктілік 30.04.2020 № 169)

ОН10 - әртүрлі конфессиялар мен наным өкілдерінің тобын басқара біледі, патриотизм, толеранттылық және діни төзімділік рухын қолдайды.